

"Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 646 бұйрығына езгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 520 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда № 20763 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 646 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12615 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 2 ақпанда жарияланған) мынадай езгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 8-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

E. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 26 мамырдағы
№ 520 Бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 646 бұйрығымен
бекітілген

Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 8-2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын этил спирті және/немесе шарап материалы, алкоголь өнімі өндірушілеріне және импорттаушыларына (сыра және сыра сузынынан басқа) беру тәртібін айқындайды.

2. Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары Қазақстан Республикасында өндірілетін немесе Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін этил спирті және/немесе шарап материалы, алкоголь өнімі өндірушілеріне және иморттаушыларына (сыра және сыра сузынынан басқа) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) беріледі.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

3. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен иморттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы көрсетеді.

4. Көрсетілетін қызметті алушылар Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге:

1) этил спирті және/немесе шарап материалына:

этіл спирті және/немесе шарап материалдарының өндірісін және/немесе импортын жүзеге асыру басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша этил спирті және/немесе шарап

материалдарына дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруге арналған өтінішті береді;

2) алкоголь өніміне (сыра және сыра сусынынан басқа):

"Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бүйрығымен бекітілген Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және иморттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін иморттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16437 болып тіркелген) 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларын алуға арналған өтінішті береді.

5. Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және көрсету нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынудың ерекшелігін ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымشاға сәйкес "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (иморттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен иморттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында жазылған.

6. Мемлекеттік корпорация арқылы өтінішті қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша "электрондық" кезек тәртібінде жеделдетілмеген қызмет көрсету түрінде жүзеге асырылады, электрондық кезекті брондауға болады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорацияның қызметкери тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларда көзделген құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкери құжаттарды қабылдаудан бас тартады, және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған жағдайда, құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға тапсырған кезде, Мемлекеттік корпорация қызметкери қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьер қызметі арқылы жолдайды. Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз тасымалдағышта көрсеткен кезде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар түсken күnі қабылдауды, және тіrкеуді жүзеге асырады (көрсетіletіn қыzmetti alushy 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күnі жүзеге асырылады).

Уәкілетті органның жауапты құрылымдық бөлімшениң қызметкері осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Құжаттарды өндeуге жауапты қызметкер "Есепке алу-бақылау маркаларды, акциздік маркаларды және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкnot фабрикасы" республикалық мемлекеттік қәsіпорынының басқа баспа өнімдерін бақылау, есептеу және беру" ақпараттық жүйесіне құжаттарды енгізеді және құжат алған күnnен бастап 2 (екі) жұмыс күnі ішінде өндeйді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын қуәландыратын құжатты (не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіletіn Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі) көрсеткен кезде тиіstі құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация құжаттардың 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетіletіn қызметті берушіге сақтауға береді.

Көрсетіletіn қыzmetti alushy 1 (біr) ай мерзім өткеннен кейіn жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұrau салуы бойынша көrsetileтіn қыzmetti berushi 1 (біr) күn ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға көrsetileтіn қыzmetti alushyғa беру үшіn жолдайды.

7. Көrsetileтіn қыzmetti berushi дербес сәйкестендіру нөmіr-кодының беруін мынадай:

1) "Салық жәne бюджетке төленетіn басқa да міndettі tелемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес, салық салу объектілерінің жәne (немесе) салық салуғa байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіrkeu eсебіне қойылмаған;

2) этил спиртіне жәne/nemese шарап материалына, алкоголь өnіmіne дербес сәйкестендіru nөmіr-кодтары болғan жағdайларда bas тартады.

8. Осы Қағидалардың 7-қосымшасында көzделген жағdайларда, дербес сәйкестендіru nөmіr-кодын беруден bas тартуды алғan кезде, көrsetileтіn қыzmetti alushy осы Қағидаларда белгіленген тәrtіpte дербес сәйкестендіru nөmіr-кодын beruge arnalғan өtіnіshті қайtадan beredі.

9. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес, көrsetileтіn қыzmetti berushiлер мемлекеттіk қыzmet kөrsetu satysy туралы деректерді мемлекетtіk

қызметтер көрсетеу мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын ақпараттық жүйеде күру кезінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фасеттік кодтау жүйесінің құрылымы пайдаланылады.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсетеу нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Заңға сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызметкерді көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым мемлекеттік қызмет Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген кезде Мемлекеттік корпорация басшысының атына, не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

12. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

13. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Этил спиртіне және/немесе шарап материалына дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруге арналған өтініш

бойынша

20__ жылғы "___" _____

Субъектінің атауы:

Субъектінің жеке/бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Субект типі (өндіруші және/немесе импорттаушы):

p/c №	Өндірушінің (импорттаушының) атауы	Өнімнің түрі	Өнімнің атауы
1	2	3	4

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

(қолы)

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын беру

қагидаларына

2-қосымша

Нысан

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен иморттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аumaқтық органдары
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері	"Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан ері - Мемлекеттік корпорация).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) 2 (екі) жұмыс күні ішінде;
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дербес сәйкестендіру нөмір-кодын беру немесе дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.
6	Көрсетілген қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері, және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін негізде көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген; 2) Мемлекеттік корпорация - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі, мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіге дейін, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі

		үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау электрондық кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жеделдетілген қызмет көрсетуісіз жүргізіледі, электрондық кезекті брондауға болады.
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	1) этил спирті және/немесе шарап материалына: этил спирті және/немесе шарап материалына дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беруге арналған өтініш; 2) алкоголь өніміне (сыра және сыра сузынынан басқа): есепке алу-бақылау маркаларын алуға арналған өтініш.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	1) "Салық және бюджетке төленетін баска да міндettі төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес, салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қоюылмаған ; 2) этил спиртіне және/немесе шарап материалына, алкоголь өніміне (сыра және сыра сузынынан басқа) дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары болған жағдайлар бас тартуға негіз болып табылады.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексімен белгіленген өзіне өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдарлау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жогалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығына жүргіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шыға отырып, Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері жүргізеді (мемлекеттік қызметті мемлекеттік корпорация арқылы көрсету кезінде).

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын беру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті
алушының атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бастарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы филиалының №__ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) Сіздің Қағидаларға 1-қосымшада көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық топтамасын табыс етпеуінзге байланысты "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндірушілерге (импорттаушыларға), сондай-ақ акцизделетін өнімдердің кейбір түрлерін, авиациялық отын мен мазут өндірушілер мен импорттаушылардың тауарларына дербес сәйкестендіру нөмірін (ДСН-код) беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан (қажеттінің астын сызу керек):

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 88-бабына сәйкес, салық салу объектілерінің және (немесе) салық салуға байланысты объектілердің орналасқан жері бойынша жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебіне қойылмаған;

Этил спиртіне және/немесе шарап материалына, алкоголь өніміне дербес сәйкестендіру нөмір-кодтары болған жағдайларда бас тартады.

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3)

Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

(қолы)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Телефон _____

Алдың:

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) /
қолы

20__ жылғы "___" _____

Дербес сәйкестендіру
нөмір-кодтарын беру
қағидаларына
4-косымша
Нысан

Дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарының құрылымы

Дербес сәйкестендіру нөмірін -кодтарының құрылымы мынадай схемада көрсетіледі:



Бірінші фасет (бірінші топ төрт цифран) - этил спиртін және/немесе шарап материалын, алкоголь өнімін (сыра және сыра сусынынан басқа) өндіретін (импорттайтын) занды (жеке) тұлғаның коды.

Екінші фасет (екінші топ екі саннан) - өнімнің түрі.

Үшінші фасет (үшінші топ төрт цифран) - өнімнің атауы.

Төртінші фасет (төртінші топ екі саннан) - қолданылатын ыдыстың көлемі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК